ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 27 маусым № 4360-24-00-2/1412 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А. Әбілқайысқызы,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының «Облыстық жоғары спорт шеберлігі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Досанова» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Айман Кеңесбайқызы Досанова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыппұлын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-3, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының «Облыстық жоғары спорт шеберлігі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Досанова» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Айман Кеңесбайқызы Досанова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Досанова» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Айман Кеңесбайқызы Досановадан мемлекет кірісіне 1 575 (бір мың бес жүз жетпіс бес) теңге тұрақсыздық айыбы және 1893 (бір мың сегіз жүз тоқсан үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 27.06.2024
Заңды күшіне енген күні: 09.08.2024, судья Елшібеков Б. Е., 12.08.2024
4360-24-3-1/1465

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **А.Әбілқайысқызы**

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 27.06.2024

Заңды күшіне енген күні: 09.08.2024, судья Елшібеков Б. Е., 12.08.2024

4360-24-3-1/1465